




Агрокешен қайтсе дамиды?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында «Ауыл шаруашылығы бәсекеге қабылетті, озық сала болуы керек. Агроөнеркәсіп кешені экономикадағы басты қозғаушы күштің біріне айналуға тиіс. Бизнес те, мемлекет те осыған мүдделі», – деп атап өтті. Бұл – жай пайым емес, стратегиялық бағдар.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Егіс маусымында

Президенттің осы сөзі елдің аграрлық секторына жаңа талап қоя отырып, ауыл шаруашылығының болашақ даму векторын нақтылап берді. Бұл үндеу – тек аграршыларға ғана емес, мемлекеттік саясатты жүргізуші құрылымдарға да бағытталған міндет. Сөз жоқ, тұғырлы тұжырым әрбір фермер мен ауыл шаруашылығы саласының жетекшісін, жалпы ауылдық аймақтың әлеуетін бағалаушы кез келген азаматты ойландырады анық. Өйткені, бұл жол – азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ғана емес, ел экономикасын әртараптандырудың, ауылды жаңғыртудың және ішкі нарықты отандық өніммен толық қамтудың түпкі тетігі. Ендеше, агроөнеркәсіп кешені тек стратегиялық сала ғана емес, ұлттық тұрақтылық пен экономикалық тәуелсіздіктің тірегі ретінде қарастырылуы тиіс. Президент сөзі осыны меңзеп отыр. Және мұндай мәлімдеме нақты істермен бекітілу үстінде. Қарағанды облысындағы бүгінгі аграрлық өзгерістер мен жаңашылықтар осы жаңа парадигманың айқын көрінісі.



Қолжазба ағартушы Шығар Ахметов

Тамылжыған тамыз келісімен, қыр баласы дала жакқа елендеп тұрады әмбе-ге аян. Әсілі, көктемгі дала жұмыстары толығымен аяқталған. Былтыр қамбасы миллионер атанған Қарағанды үшін биылғы аграрлық маусым мәні бөлек маңызды көрсеткіштермен ерекшеленіп отыр.


Алдымен атап өтелік, аймақ үшін осы жылғы көктемгі егіс науқаны сәтті аяқ-

талды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы өкілдерінің мәліметінше, астық, картоп және көкөніс дақылдарын егу көлемі айтарлықтай артқан. Оның үстіне астық алқабының мейлінше ұлғайғандығы «іздегенге – сұраған» болды. Басты басымдық та дәнді дақылдарға берілмекші.

Астық егістігінің көлемі өткен жылдармен салыстырғанда бірнеше мың

гектарға артқан. Бұған ауа райының жайлылығы, мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен аграрлық техниканы жаңарту игі әсер етті. Көнігі мамандардың айтуынша, фермерлер егістіктің өнімділігін арттыру үшін заманауи технологияларды, соның ішінде, су үнемдеу жүйелерін кеңінен қолданып жатыр.

Атап айтқанда, Қарқаралы, Шет және Бұқар жырау аудандарында егістік алқап-



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

тары едәуір ұлғайып, фермерлер жоғары сапалы тұқымдар мен тыңайтқыштарды пайдаланып отыр. Бұл өз кезегінде күзде жоғары өнім алуға тың мүмкіндік береді.

Картоп пен көкөніс егу көлемі де едәуір артқан. Бұл шешім, ең алдымен, ішкі нарықты маусымаралық кезеңде отандық өніммен қамтамасыз етуге бағытталған. Өңірдегі жеке шаруашылықтар мен ірі агрофирмалар өнім көлемін арттырумен қатар, сақтау инфрақұрылымын да дамытуды қолға алып отыр. Саран, Абай және Осакаров аудандарында көкөніс егумен айналысатын шаруашылықтар заманауи жылыжайлар салып, суару жүйелерін енгізуде.

Агрономиялық дәлдік

Егіс жұмыстарының сәтті аяқталуына мемлекеттік субсидиялар мен жеңілдетілген несие беру саясаты оң ықпал етті. Сонымен қатар, дизель отынының арзандатылған бағамен жеткізілуі фермерлердің шығындарын едәуір қысқартты.

Облыс бойынша GPS-мониторинг, топырақ талдау және агрохимиялық карта жасау сынды цифрлық технологиялар енгізіліп жатыр. Сындарлы шешімдер агрономиялық дәлдікті арттырып, өнімділікті жақсартуға сеп.

► 2-бет

Қаржы пирамидасының қақпаны

Соңғы жылдары елімізде қаржылық пирамидаларға қатысты алаяқтық істердің көбеюі қоғамды алаңдатып отыр. Бұл жеке азаматтардың қалтасына ғана емес, бүкіл елдің экономикалық қауіпсіздігіне әсер етеді. Интернет пен әлеуметтік желілерде жылдам таралатын осындай алаяқ жобалар көпшілікті онай табысқа кенелтетін жол ретінде көрсетіледі. Алайда, бұл жобалардың түпкі мәні – жаңа салымшылардың қаражаты мен бұрынғы қатысушыларға төлем жасау арқылы ұйымдастырылатын заңсыз жүйе.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірнеше пирамиданың жұмысы тоқтатылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселені бірнеше мәрте көтеріп, құқық қорғау және қадағалау органдарына нақты тапсырмалар жүктеген еді. Президент атап өткендей, мұндай қаржылық алаяқтықпен күресу – құқықтық мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі. Сонымен қатар, халықтың қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыру – осы қауіп-қатерлермен күрестегі басты құрал.

Қарағанды облысы бойынша Қаржы мониторингі агенттігінің Экономикалық тергеу-тексеру департаменті аталған бағытта жүйелі және нәтижелі жұмыс жүргізіп келеді. Департамент мамандарының тергеу және жеңіл іздестіру шараларының арқасында соңғы жылдары облыс көлемінде әрекет еткен 30-дан астам қаржы пирамидасы әшкереленген. Бұл жобалар еліміздің түрлі өңірлерін қамтып, олардың біркатары Қарағанды облысы аумағында тамырын кеңге жайған.



Анықталған жобалар арасында Finiko, QI Trade Kazakhstan, «BusinessGame», «He работа», BayLife, LifeIsGood, TheGreatTower, «Faberlic», «AmanatHome», «Елім-ай 2019», LiveGood, Sincere Systems Group секілді интернет арқылы әрекет еткен ауқымды жобалар бар. Аталған схемаларға 100 мыңнан астам азамат тартылып, олардың кемінде 5 мыңы – кеншілер өлкесінің

тұрғындары.

– Жалпы, 40 қылмыстық іс тергеуге алынса, соның 27-сі – биыл тіркелген. Сонымен қатар, 21 іс аяқталған. Оның ішінде, 19 іс сотқа жолданып, 2 іс өндірістен қысқартылды. Салмағына қарай сараптасақ, ауыр қылмыстар – 14 іс, орташа ауырлықта – 5 іс, шағын ауырлықта – 2 іс, – деп атап өтті Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу-тексеру депар-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

таменті Тергеу басқармасының басшысы Қуат Избанов.

Департамент қызметкерлері бұл жобалар бойынша қылмыстық істер қозғап, бірқатар ұйымдастырушылардың әрекетін сотқа жеткізген. Атап айтқанда, кейбір істер бойынша күдіктілерге нақты жаза тағайындалды. Нақтырақ айтсақ, оның бірі – 7 жылға бас бостандығынан айырылса, екіншісіне шартты түрде 5 жылдық жаза белгіленді. Қылмыстық істердің басым бөлігі ауыр және орташа ауырлықтағы қылмыстар ретінде танылды.

Тергеу барысында келтірілген шығын көлемі 2 миллиард теңгеден асып кеткен. Оның басым бөлігі, яғни 1,9 миллиард теңгеге жуығы мемлекет тарапынан қайта өндірілді. Және күдіктілердің мүлкіне тыйым салу арқылы өтелді.

Цифрлық кеңістіктегі қауіп

Бүгінгі таңда қаржы пирамидалары тек дәстүрлі тәсілдермен ғана емес, цифрлық кеңістікте де кең таралған. Әсіресе, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы салымшылар тарту белең алып отыр. Осыған байланысты департамент интернет кеңістігін үнемі бақылауда ұстайды.

Ресми дерекке сүйенсек, соңғы кезеңде күмән тудыратын 1 300-ден астам интернет-сілтеме анықталып, олардың басым көпшілігі, шамамен 1 100-ге жуығы бұғатталған. Бұл – жүздеген азаматтың алаяқтық желілерге алдануына жол бермей, олардың қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Сурет ашық дереккөзден

► 2-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Тайландтан жеткен тарихи жеңіс

Тайландта өткен география пәнінен IGeO-2025 халықаралық олимпиадасы Қазақстан құрамасы үшін тарихи жеңіспен аяқталды. Үш кезеңнен тұратын беделді білім бәйгесінде қазақстандық оқушылар ел тарихындағы үздік нәтижеге қол жеткізіп, екі алтын, екі күміс иеленді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқушылар арасындағы ең беделдісі – IChO, IMO, IPhO, IBO, IGeO, IOL, IOI пәндік олимпиадасы. IGeO-2025 олимпиадасында үш кезеңде үздік нәтиже көрсеткен оқушылардың арасында жерлесіміз Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Талғат Байбұсынов та бар. Ол алтын медальға қол жеткізді. Қостанай облысындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы Андрей Енбахов та алтын жүлдені иеленді. Күміс медаль Жетісу облысындағы НЗМ-нің 12-сынып оқушысы Болат Акжолға және Ақтөбе облысындағы НЗМ-нің 12-сынып оқушысы Әлихан Қалмағамбетовке бұйырды.

Қазақстан құрамасына Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың 2-курс студенті Рустам Валеев пен халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпазы Абай Дүйсен жетекшілік етті.

Айта кеткен жөн, Қазақстан IGeO олимпиадасына 2012 жылдан бері қатысып келеді. Осы уақыт ішінде жас зияткерлер 5 алтын, 4 күміс және 7 қола медальға қол жеткізді. Халықаралық беделді білім бәйгесінде осындай үздік нәтиже көрсету – еліміз үшін зор жетістік.

• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Энергетикаға енжарлық жүрмейді

Энергетика министрі Ерлан Ақкенжанов облысқа жұмыс сапарымен келіп, өңірдің басты энергетикалық инфрақұрылым нысандарының 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымына дайындығын мұқият тексерді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыс сапары барысында министр стратегиялық маңызы бар жылу және энергия өндіруші кәсіпорындарды аралап, олардың техникалық жай-күйімен, жөндеу жұмыстарының барысымен, алдағы қысқы кезеңге жоспарланған шаралармен танысты. Ерлан Ақкенжанов нысандардың жұмысын егжей-тегжейлі саралап, олардың жылыту маусымына толық дайын болуын қамтамасыз етудің маңыздылығын ерекше атап өтті. Сондай-ақ, өңірлік әкімдікпен және сала мамандарымен кеңес өткізіп, жылыту маусымы кезінде тұтынушыларды үздіксіз және қауіпсіз энергиямен қамту мәселелері бойынша нақты тапсырмалар жүктеді.

Министрдің айтуынша, Үкіметтің тапсырмасына сәйкес, алдағы қысқы маусымға дайындық енді тек қағаз жүзіндегі есептермен шектелмей, нысандарға тікелей барып, нақты жұмыстардың барысын көзбен көру арқылы бағаланады.

Мәселен, Топар мемлекеттік аудандық электр станциясында болған кезде министр турбоагрегатты ауыстыру жұмыстарының соңғы кезеңімен етене танысты.



Жаңа жабдықты іске қосу осы жылдың тамыз айына жоспарланып, өңірдегі жылумен қамту жүйесінің сенімділігін едәуір арттырмақ. Станция аумағында жаңа күл-қож сақтау алаңының құрылысы қарқын алған. Ал Топар кентінде станция қызметкерлеріне арналған жаңа тұрғын үйлер салу көзделіп отыр.

— Көп жылдан бері қордаланып қалған мәселелердің бар екенін білеміз. Алайда қазір біз нақты нәтижелерге куә болып отырмыз. Топар ГРЭС-інде жоғары қуатты жаңа турбина іске қосылады. Қармет ЖЭО-2-де жетінші қа-

зандықтың іске қосу жұмыстары аяқталуға жақын. Шахтинск ЖЭО қалыпты режимде жұмыс істеп тұр. Мұның бәрі — берілген нақты тапсырмалардың іс жүзінде орындалып жатқанының айғағы, — деді Ерлан Ақкенжанов.

Сапар барысында қаржыландыру мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Атап айтқанда, Топар ГРЭС-ін жөндеу және жаңғырту мақсатында 2025-2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама аясында 34,6 миллиард теңге қарастырылған. Сонымен қатар, облыстың жылу желілерін жаңғыртуға биыл 10 миллиард теңгеден

астам қаржы бөлініп отыр.

Министр нысандарды аралау барысында ондағы жұмысшылармен тілдесіп, олардың күнделікті жұмыс барысы, еңбек жағдайы және өндірістік үдерістердің ұйымдастырылу деңгейі туралы пікірлерін тыңдады. Ерлан Ақкенжанов өндірістегі қауіпсіздік талаптарының сақталуы мен кадр әлеуетін арттырудың маңыздылығын атап өтіп, еңбек ұжымының ел энергетикасындағы ролін жоғары бағалады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Шағын көмек — зор үміт

Жаңа оқу жылы қарсаңында дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы жалғасуда. Игі бастама аясында облыс бойынша 12 мыңнан астам оқушыға материалдық көмек көрсетіледі. Бұл туралы облыстық білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбие, жалпы орта және арнайы білім беру бөлімінің басшысы Гүлдана Нұрсұлтан мәлімдеді.

Жамал АҚПАРОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Биыл облыс мектептерінде 175 мыңға жуық оқушы білім алады. Қазіргі таңда бірінші сыныпқа 15 616 бала өтініш берді. Жаңа оқу жылы қарсаңында жалпыға бірдей білім беру қорының есебінен әлеуметтік қолдауды қажет ететін санаттағы балаларға қолдау көрсету жалғасуда. Әр балаға 46 628 теңге көлемінде көмек қарастырылған. Қара-



Сурет шшқ дереккөзінен

жат ата-аналардың немесе заңды өкілдердің шоттарына аударылады. Бұл қаржыға мектеп формасы мен кеңсе тауарларын өз бетімен сатып ала алады. Көмек тек нақты мұқтаж отбасылардың жазбаша өтініші негізінде, атаулы түрде көрсетіледі, — деді Гүлдана Нұрсұлтан.

Айта кету керек, акция 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында ата-ана-

лар тиісті құжаттарымен жергілікті білім бөлімдеріне, немесе мектеп әкімшілігіне өтініш бере алады.

Игі шараға демеушілер мен жеке кәсіпкерлер де атсалысып отыр. Бұл әлеуметтік жауапкершілік пен жанашырлықтың айғағы іспетті.

Сонымен қатар, облыста білім беру инфрақұрылымын жақсарту бағытында да ауқымды жұмыс-



тар атқарылуда. Биыл 239 білім беру нысанына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде, 33 нысанға 8,2 млрд теңгеге күрделі жөндеу, қалған 206 нысанға ағымдағы жөндеу жүргізілуде. Жалпы, бұл мақсатқа 15,7 млрд теңге бөлінген.

— «Келешек мектебі» жобасы аясында биыл 2 700 орындықты 6 жаңа мектептің құрылысы аяқталады деп жоспарлануда. Бұл — білім сапасын арттырып, мектептегі орын тапшылығын шешуге бағытталған маңызды қадам. Мұндай ауқымды қолдау мен жүйелі жұмыстар — балалардың сапалы білім алып, алаңсыз мектепке баруына жасалып отырған нақты әрекет. «Мектепке жол» акциясы — қоғам мен мемлекет бірлескен қамқорлығының көрінісі, — деді спикер.

Агрокешен қайтсе дамиды?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлбетте, орталық өңір өмірі үшін ауыл шаруашылығы — тек азықтүлік қауіпсіздігі ғана емес, сонымен қатар, өңірлік экономиканың негізгі салаларының бірі. Жұмыспен қамту, өңдеуші өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету, экспорттық әлеуетті арттыру сияқты мәселелердің барлығы агросектордың дамуымен етене байланысты.

Сарапшылардың сарабал пікірінше, биылғы егіс көлемінің артуы — ұзақмерзімді трендтің бастамасы. Егер климаттық жағдайлар қолайлы болып, агротехникалық шаралар жүйелі түрде орындалса, облыс жоғары өнім жинауға толық мүмкіндікке ие.

— Көктемгі егіс науқаны Арқа аймағында онтайлы агротехникалық мерзімде аяқталды. Облыс фермерлері көктемгі ауа райының тұрақты болуын тиімді пайдаланып, агротехникалық талаптарды сақтай отырып жұмыс істеді. Биылғы егіс көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 30,2 мың гектарға

артып, 1 миллион 84 мың 900 гектарды құрады. Егіс алқаптарының басым бөлігін дәстүрлі түрде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар алып жатыр. Өнім түрлері тек ішкі қажеттілікті ғана емес, экспорттық бағытты да қамтамасыз етеді. Түп нәтижесінде ауыл шаруашылығы құрылымдары жаңа агротехнологияларды кеңінен қолдана отырып, егістік алқаптарынан түсімді арттыру жоспарланды, — деп нақтылап өтті облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ануар Төлібеков.

Салалық ведомство басшысының алға тартқан мәліметтеріне сүйенсек, бұқара халықтың күнделікті тұтынуына қажетті өнімдерге де басымдық берілген. Атап айтқанда, картоп 11,4 мың гектарға, ал, көкөніс 52 мың гектар жерге сәтті егілді. Азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін облыс әкімдігі мен шаруашылықтар арасында өзара келісімдер жасалып, сақтау қоймалары мен логистикалық инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударылуда.

Агроинновацияға бетбұрыс

Өңірдегі мал шаруашылығы да мал азығы базасына тікелей тәуелді. Сондықтан, мал азығы дақылдарының егіс көлемі 4,2 мың гектарға өсіп, 75,9 мың гектарға жетті. Көрсеткіш — өңірдегі ауыл шаруашылығының кешенді дамуының айғағы. Сапалы мал азығы — ет пен сүт өнімдерінің өнімділігіне тікелей әсер етеді.

Ауыл шаруашылығы саласының табысты болуына мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың да маңызы зор. Фермерлерге берілетін жеңілдетілген несие, арзандатылған жанар-жағармай, тұқым және тыңайтқыш субсидиялары — барлығы көктемгі егіс науқанының уақытылы әрі сапалы өтуіне ықпал етті.

Бажайлап келгенде, көптеген шаруашылықтар цифрлық технологиялар мен нақты егіншілік элементтерін енгізуге кірісті. Теңгерімді тенденция болашақта өнім көлемін ғана емес, өндірістің тиімділігін арттыруға жол ашды.

Қош делік, ендігі басты міндет — өнімділікті арттырып, ішкі нарықты



толық қамтамасыз ету және артығын сыртқы нарыққа шығару.

Облыстың шаруашылық құрылымдары соңғы жылдары өнім көлемімен қатар сапаға да ерекше мән бере бастады. Шаруалар өнімділігі жоғары, элиталық тұқымдарды көбірек пайдаланып жатыр. Сонымен қатар, егістік алқаптарының 40 пайызға жуығы минералды тыңайтқыштармен өңделуі жоспарланған. Топырақтың құнарлылығын арттыру және өсімдіктің иммунитетін күшейту

• САЛТАНАТ

Сала үздіктері марапатталды

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев көлік саласының дамуына, көлік инфрақұрылымының қалыптасуы мен жаңғыртылуына сіңірген еңбегі үшін бірқатар азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды. Марапат иелерінің қатарында Қарағанды облысындағы саланың білікті мамандары да бар.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Құрмет» ордені «Қазаронавигация» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қарағанды филиалының диспетчер-нұсқаушысы Юрий Глуховқа табысталды. «Шапағат» медалімен «Жолаушылар тақымы» акционерлік қоғамы «Солтүстік» өңірлік филиалы Қарағанды учаскесінің вагон жүргізушісі Шамкен Әшімов марапатталды.

Айта кетейік, 2023 жылы мемлекеттік наградалар жүйе-

сіне жаңа құрметті атақтар енгізілген болатын. Солардың бірі — «Қазақстанның көлік саласының еңбек сіңірген қайраткері» атағы. Бұл мәртебелі атақ «КАЖсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бас директорының кеңесшісі Қанат Шайминге берілді.

Еске салайық, Қазақстанда Көлік қызметкерлері күні дәстүрлі түрде тамыз айының алғашқы жексенбісінде атап өтіледі.

• «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ – 2025»

Түлікті түгендеу басталды

Биыл 1 тамыз бен 20 қазан аралығында Қазақстанда екінші Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өтеді. Бұл маңызды статистикалық іс-шара БҰҰ Азықтүлік және ауыл шаруашылығы ұйымының ұсынысымен әр он жылда 1 рет өткізіліп, бүкіл елді қамтуы тиіс. Алғашқы санақ 2006-2007 жылдары жүргізілген.



Сурет шшқ дереккөзінен

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Санақтың мақсаты — ауыл шаруашылығының жай-күйі, шаруашылықтар құрылымы, техниканың болуы, жануарлар, егіс алқаптары және басқа ресурстар туралы толыққанды да өзекті ақпарат алу. Деректер мемлекетке тиімді аграрлық саясат әзірлеуге, фермерлерді қолдауға және саланы дамытуға көмектеседі.

Санақ екі кезеңде жүргізіледі. 1-31 тамыз аралығындағы онлайн кезең. Барлық ауыл шаруашылығы өндірушілері sanaq.gov.kz сайтында сауалнамадан өз бетінше өте алады. Бұл жылдам, ыңғайлы әрі қауіпсіз. Ал 20 қыркүйек 20 қазан аралығында офлайн кезең өтеді. Онлайн сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарын интервьюерлер планшеттерді пайдалана отырып, үй-үйге барып сұрастырады.

«Кім қатысуы керек?» дей-ша сауалға келсек, аталған санаққа өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және балық шаруашылығымен айналысатын ЖШС, ЖК, шаруа немесе фермер қожалықтары енеді. Одан бөлек, мал, құс өсіретін, бақшасы бар және тағы басқа да жеке қосалқы шаруашылық иелері бар.

Алға тартар негізгі сауалдар ретінде ауыл шаруашылығы алқаптарының болуы және түрлері, мал басы мен құс саны, қолданылатын техника, егіс алқаптары және тағы басқа қосалқы сұрақтар легі барлығын қаперлеріңізге саламыз. Барлық дерек құпия әрі тек статистикалық мақсатта қолданылады. Туындаған сауалдар бойынша 1446 байланыс орталығына немесе sanaq.gov.kz сайтына жүгінуге болады.

тен бөлінген 1,2 миллиард теңгелік тікелей субсидия, минералды тыңайтқыштармен қамту және элиталық тұқым пайдалану — өңірдің аграрлық секторын жүйелі түрде жаңғыртып жатқанын көрсетеді.

Қолдау нақты іске айналды. 132 шаруашылық қаржыландырылды. Ауыл шаруашылығы саласының тұрақты дамуына мемлекеттік қаржы институттарының да үлкен үлесі бар. Биыл «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы облыстың 132 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушісі егіс жұмыстарын жүргізуге қаржылай қолдау алды. Бұл — техниканы жаңарту, тұқым сатып алу, тыңайтқыштар мен жанар-жағармай алуға мүмкіндік берген маңызды көмек. Сонымен қатар, «Азықтүлік корпорациясы» астықты форвардтық сатып алу тетігі арқылы бес өтінімді қаржыландырды. Бұл механизм шаруаларға алдын ала қаржы алып, егіс жұмыстарын уақытылы әрі толық көлемде жүргізуге жол ашты.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ҚҰРМЕТ

Теміржол тарланына тағзым

Балқаш қаласында теміржол саласының ардақты ардагері, ел дамуына сүбелі үлес қосқан ұлағатты тұлға – Төлеу Есболовтың рухына тағзым ретінде ескерткіш такта орнатылып, салтанатты түрде ашылды. Ел үшін аянбай еңбек еткен азаматтың өнегелі өмір жолын ұлықтауға арналған тағылымды шараға қалалық мәслихат төрағасы Ахат Мұслымов, теміржол саласының ардагерлері, Төлеу Есболұлының замандастары мен шәкірттері, туған-туыстары және қала тұрғындары қатысты.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Төлеу Есболұлының Балқаш теміржолының дамуына сіңірген еңбегі, ұжымдағы абыройы, азаматтық келбеті – бүгінгі ұрпаққа тағылым, ертеңгі буынға өнеге. Ардақты тұлға өз ісінің маманы ғана емес, халықпен етене араласқан, елдің мұң-мұқтажын тыңдап, қолдан келгенше көмек берген шынайы қоғам қайраткері болды. Қала тарихында өзіндік орны бар осындай тұлғаларымыздың есімін ұлықтап, олардың өнегелі жолын есте қалдыру – біздің азаматтық парызымыз. Осы мемориалдық такта – Төлеу Есболұлының елге сіңірген еңбегінің маңгілік ескерткіші болмақ, – деді Ахат Мұслымов.

Сонымен қатар, құттықтау сөзін жеткізген теміржол саласының ардагері Аманбай Төлеушын, қоғам қайраткері Қадыржан Тейлянов, бөлімшенің бас инженері Қайролла Садуақасов, теміржолшы-әріптесі Татьяна Голубых және Құрметті теміржолшы Аманжол Омаров, Төлеу Есболұлының тек кәсіби шеберлігімен ғана емес, адамгершілігі, әділеттілігі мен елге жанашыр болмысымен есте қалғанын атап өтті.

Айта кетейік, Төлеу Есболұлы 1940 жылы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының Түгіскен ауылында дүниеге келіп, жасынан еңбекке ерте араласқан. 1958 жылы Ақмола теміржол техникумын тәмамдаған соң, Қарағанды теміржол бөлімшесінде еңбек жолын бастап, кейін Көктіңкөл, одан соң Балқаш теміржол станцияларында түрлі басшылық қызметтер атқарды. Ол станция бастығы лауазымына дейін көтеріліп, Балқаш теміржол торабының дамуына тікелей ықпал етті. Төлеу Есболұлының жетекшілігімен Балқаш станциясы жаңа вокзалмен толықты. Теміржол жүйесі жетілдіріліп, заманауи технологиялармен жабдықталды. Бұл – оның кәсіби шеберлігінің, іскерлік қабілетінің айқын дәлелі. Азаматтың еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол «Құрмет белгісі» орденінің иегері, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иесі, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. 1989 жылы «Құрметті теміржолшы» атанса, 2000 жылы туған қаласы Балқаштың Құрметті азаматы атанды.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Ахаң тұрған үй назардан тыс қалды

Ахмет Байтұрсынұлының саналы ғұмырындағы ең бір шуақты тұсы – Қарқаралы кезені ме дерсіз? Шәкірт тәрбиелеп, ұстаздық қылып, тәуелсіз ел болу жолындағы игі бастамалардың барлығы да Алаштың алтын бесігі болған қастерлі Қарқаралы топырағында дүниеге келуі – заңдылық. Сондай тарихи-тағылымы мол орындардың бірі – Ақтерек ауылындағы Ахмет мектебі.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаймана қазақтың қамы үшін басын қатерге тігіп, бүгінгі елдіктің іргетасын қалаған алаштықтардың еткен елеулі еңбегі ересен. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ үшін сіңірген еңбегін әсте ұмыту мүмкін емес, әйткенмен, Ұлт ұстазының Қарқаралы өлкесінде, Ақтерек ауылында бірнеше жыл қызмет қылғанын көбісі біле бермейді. Оның себебі де баршылық...

Тарихи деректерге сүйенсек, ол бұл мектепте 1904-1909 жылдары екі сыныптық орыс-қазақ училищесін ашып, шәкірт оқытқан. Бұл деректі көрнекті ғалым, сол мектептен білім алған Ақжан Машани келтіреді. 1991 жылы Ақтерек ауылына арнайы барып, мектептің маңдайшасына ағаш тактайша орнатады. Тәуелсіздік орнап, тоқсаныншы жылдардың толқымалы тұсында жекешелендіру орнаған тұста бұл ғимараттың да есік-терезелері тоналып, талан-таража түссе керек. Абырой болғанда, ауыл азаматы Женіс Рақышев бар күш-жігерін сала жүріп, бүлінген мүліктерді қалпына келтіріп, ауылдағы жампайынмен бірлесіп мектептің



бір бөлмесіне кітапхана, бір бөлмесіне балабқша-бөбекжай ашып, сақтап қалады.

Бұл тарихи ғимарат 2007 жылы «Жібек жолы» бағдарламасының аясында дуалмен қоршалды. Тек 2021 жылы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қарамағына өткен. Сонымен қатар, кейінгі жылдары тарихи-мәдени ескерткіштер тізіміне еніп, мемлекет қорғауына алынды. Сол жылы тарихи-мәдени мұраны сақтау инспекциясы 5 миллион 300 мың теңгеге сыртқы, ішкі жөндеу жұмыстарын жүргізген болатын.

Тамыры тереңде жатқан бұл ғимараттың бүгінде насихаты кемшін түсіп тұр. Ескерілмей жүрген түйткілдер де жоқ емес. Мәселен, мектептің ішінде тарихи жәдігерлер аз. Мұражай болуға жәдігер қоры жеткіліксіз. Тек қылқалам шебері Сәкен Дәулетбаевтің салған картинасы ғана менмұндалап тұрады. Сондай боюы қанық, көз тартарлық шаһкар туындыларды көбейтсе, бірден

көрген адамды баурап алары анық. Және бір айтар базына, мектеп алдына қара ағаштар көптеп егілген екен. Уақыт өте келе, олар тамырын тереңге жайып, қаулап өсіп кетеді. Қазірдің өзінде тарихи ғимараттың бет-бейнесін жауып тұрғандай ағаш. Керісінше, мәуелі бәйтерек секілді түп-түзу болып өсетін қарағайлар қасқайып тұрса дейсіз.

Тарихшы ғалымдардың пікірінше, Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырындағы Қарқаралы кезені әлі толық зерттелмей келеді. 1904-1909 жылдары аталмыш мектепте сабақ берді деп есептесек, аз уақыт емес. Осы уақыт аралығында жазған-сызған еңбектері, тарихи құжаттарынан бір деректің қалмауы да мүмкін емес. Айталық, 1905 жылы патша жазған «Қарқаралы құзырхатының» ұйымдастырушылар алқасында да Ахаң болғаны анық. Ақтерек ауылы мен Қарқаралы қаласының арасы 20 шақырымды қамтиды. Күнде қатынап жүрді деп те айта алмайсыз. Арқаның ат

құлағы көрінбес ақ түтек бораны, үскірік аязы бар. Ауыл тұрғындарының айтуынша, мектепке қарама-қарсы жолдың арғы бетіндегі ағаш үйде Ұлт ұстазының тұрған үйі болуы мүмкін. Өкініштісі, бүгінде ол ағаш үй ат қораға айналып кетті. Бәлкім, осы екі үйде көне жәдігерлер, құнды құжаттар болуы мүмкін деген ой көңілге үміт ұялайды. Саясаттың барлық мұраны жойып жіберуі мүмкін емес шығар. Көп тұлғалардың ғылыми еңбектері жер қойнауында да көмүлі жатып, кейінгі жылдары ғана жаңа деректер табылып, мәдени мұрамыз түгенделіп жатыр емес пе?!

Ендігі кезекте, осы төңіректі де тереңірек зерделеуге қажыр-қайратымызды арнасақ, құба-құп болар еді.

Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ, «Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету – қазақ баласына міндет».

Сурет автордан

• ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

Чехиядағы чемпионаттан жүлдемен оралды

Чехияда өткен тоғызқұмалақ бойынша беделді халықаралық жарыста қарағандылық спортшылар жоғары шеберлік танытып, жүлделі орындарға ие болды. Ерекше дайындық пен табандылықтың нәтижесінде Ернұр Қарығұл күміс медальді иеленсе, Әділхан Төлегенов қола жүлдеге қол жеткізді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Чехияның Пардубице қаласында тоғызқұмалақтан әлем кубогы мен әлем чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеде Қазақстан,

Чехия, Румыния, Түркия, Қырғызстан, Венгрия, Польша, Аустрия, Словакия, Молдова, Болгария, Сербия, Оңтүстік Корея, АҚШ және Украинадан келген спортшылар бақ сынады.

Қарағандылық Ернұр Қарығұл ересектер арасындағы блиц-турнирде күміс медаль иеленді. Ал, 21 жасқа дейінгі жастар арасындағы әлем чемпионатында Бұқар жырау ауданының өкілі Әділхан Төлегенов үшінші орынға тұрақтады.

Қарсыластар өте мықты болды. Жеті тур ойнап, бесеуінде жеңіске жеттім. Алғашында қатты толқидым: мұндай деңгейде облыс намысын қорғау – зор жауап

кершілік. Бірақ, өзімді қолға алып, жақсы нәтиже көрсете алдым, – дейді Әділхан Төлегенов.

Айта кетейік, кеше Монғолияда тірек-қимыл жүйесі мен көру қабілеті бұзылған спортшылар арасында тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты басталды. Қазақстан құрамасы сапында Қарқаралы қаласынан жаттықтырушы Бүркіт Бейсенәев пен оның шәкірті Дастан Үмітқалиев бақ сынауда.

• РЕСМИ

Әр дабыл – сабақ

Қарағанды облысында жыл сайын өткізілетін жоспарлы ведомствоаралық оқу-жаттығу «Бекет-2025» өткізіледі.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқу-жаттығудың мақсаты – жергілікті атқарушы органдардың, құқық қорғау, арнайы және төтенше жағдайлар қызметтерінің ықтимал қауіп-қатерлер мен күтпеген жағдайларға жедел әрі тиімді әрекет етуін пысықтау. Шартты түрде туындаған дабыл жағдайында түрлі құрылымдардың өзара үйлесімді іс-қимылдары тексеріледі.

Жоспарға сәйкес оқу-жаттығу барысында әскери және арнайы техникалардың көшелерде қозғалысы, күш құрылымдарының шұғыл жұмылдырылуы, қоғамдық орындарда түрлі тактикалық жаттығулар өткізіледі. Сонымен қатар, әскери техника көшелерде жүруі мүмкін. Бұл шаралар барысында кейбір жол учаскелерінде көлік қозғалысына уақытша шектеулер енгізілуі ықтимал.

Осыған байланысты Төтенше жағдайлар министрлігі облыс тұрғындары мен контактарына сабырлылық танытып, қалыпты



өмір ырғағына түсіністікпен қарауды сұрайды. Тек ресми ақпарат көздеріне сеніп, оқу-жаттығу барысындағы уақытша қолайсыздықтарды ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы қажетті шара ретінде қабылдау маңызды.

Мемлекеттік органдардың ресми мәліметінше, барлық іс-шаралар оқу-жаттығу шеңберінде жүргізіліп жатыр және халықтың өмірі мен денсаулығына ешқандай қауіп төндірмейді. Бұл жаттығу – елдің қауіпсіздігін нығайту жолындағы маңызды дайындық кезеңдерінің бірі ғана.

Сонымен қатар, тұрғындарға қоғамдық тәртіпті сақтап, оқу-жаттығуға қатысып жатқан

мемлекеттік органдар қызметкерлерінің заңды талаптарына бағыну қажеттігі еске салынады. Бұл әрбір азаматтың құқықтық және азаматтық жауапкершілігіне жатады.

«Бекет-2025» оқу-жаттығуы – Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды шара. Ол мемлекеттік органдардың төтенше жағдайларға деген даярлығын арттырып қана қоймай, халық пен билік арасындағы сенім мен өзара түсіністікті нығайтуға сеп болады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Қаржы пирамидасының қақпаны

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қаржылық пирамидалармен күрес тек қылмыстық жауапкершілікпен шектелмейді. Бұл бағытта алдын алу және ақпараттық түсіндіру жұмыстары да ерекше маңызға ие.

Департамент тарапынан профилактикалық шаралар кең көлемде ұйымдастырылады. Атап айтсақ, мектептер мен жоғары оқу орындарында арнайы дәрістер мен кездесулер өткізіліп, бұл жұмысқа жалпы саны тоғыз мыңға жуық адам тартылған. Соның ішінде, 60-тан астам мектеп пен 25-ке жуық жоғары оқу орны қамтылып отыр.

Сондай-ақ, AdalMedia компаниясымен бірлесіп, Қарағанды қаласындағы коммуналдық қызмет төлем түбіртектерінде тұрғындарға ескерту сипатындағы ақпарат берілуіде. Бұл – 320 мыңнан астам тұтынушыны қамтитын тиімді әдіс. Сонымен қатар, CityMall сауда орталығы мен «Сарыжайлау» кинотеатрында арнайы бейнероликтер көрсетіліп, азаматтарды қаржы пирамидаларынан сақтандыру көзделген.

Telegram арқылы тексере аласыз

Қаржы мониторингі агенттігі азаматтарға ыңғайлы болу үшін «Байка пирамида» атты Telegram-ботты іске қосты. Бұл құрал арқылы кез келген азамат ұйымның атауын енгізіп, оның қаржылық пирамида белгілері бар-жоғын онлайн түрде тексере алады. Қарапайым әрі қолжетімді бұл қызметтің халық арасында танымалдығы артып келеді.

Департамент өкілдерінің пікірінше, мұндай алаяқтық құрылымдар тек ірі қалаларда ғана емес, шалғай аудан орталықтарында да ұйымдастырылады.

Бұдан бөлек, сала мамандары жалғыз қаржы пирамидасы бір облыстың аумағында бір уақытта бірнеше кеңсе ашып, белсенді жұмыс жүргізе алатынын айтады. Бұл олардың ұйымдасу деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Осы себепті, бұған қарсы әрекет те жедел әрі кешенді болуы тиіс.

Сонымен қатар, мамандар қылмыстық істерді анықтап,

сотқа жеткізуді ғана мақсат тұтпайды. Бастысы – азаматтарды осындай схемаларға мүлде жолатпау. Сол үшін алдын алу, ақпараттандыру, цифрлық кеңістікті тазарту жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді.

Түйін

Қаржы пирамидасы – жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның тыныштығына төнген қауіп. Қарағанды облысында бұл бағытта жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыс – Президент тапсырмасының іс жүзінде жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Құқықтық сауаттылықты арттыру, интернеттегі күмәнді жобаларға тосқауыл қою және азаматтарды ақпараттандыру – қауіптердің алдын алуға мүмкіндік береді. Мұнда мыңдаған адамның тағдыры, еңбегімен тапқан адал ақшасы жатыр.

Егер, Сіз, күмәнді инвестициялық жоба немесе интернет-жаобаға тап болсаңыз, дереу тиісті органдарға хабарласып, Telegram-дағы «Байка, пирамида!» боты арқылы тексеріңіз!



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ТУҒАНЫНА – 180 ЖЫЛ

Сарыарқаны сәнге бөлеп...

Тамылжыған тамыз айының алғашқы онкүндігі республика бойынша хакім Абайдың мерейлі 180 жылдық мерейтойына бағышталып отыр. Еліміздің әр тарапында әртүрлі бағыттағы мәдени іс-шаралар қанат жайып келеді. Біздің аймақ та бұл торқалы тойдың қатарынан қалыс қалмады. Оның айқын дәлелі – тамыздың алғашқы жұлдызында Абай қаласында өткен «Адамзаттың бәрін сүй...» атты республикалық ақындар айтысы.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақындар додасы Абай қаласында тұңғыш рет ұйымдастырылды. Ұлы ақынның есімін еншілеген шаһар аламан айтысқа мұрындық болып, қазақтың төл өнерін төрге оздырды. Елдің түпкір-түпкірінен келген дүлдүлдер мен жүйріктер хакім рухына жырдан тағзым жасады. Айта кетерлігі, айтысқа шөліккеген көрерменнің қарасы қалың болды. Абай қаласының Мәдениет үйінің іші лық толып, жұрт таңнан кешке дейін ақындардың сөз тартысын тапжылмай тамашалады. Айтыс соңында сөз алған қазылар алқасының төрағасы, қазақ айтысының тірі шежіресі – Жүрсін Ерман мұндай ықыласты көптен бері көрмегенін айтып, қараша халыққа шынайы алғысын білдірді.

Аламан айтыстың шымылдығын облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов құттықтау сөзбен ашып берді. Айтыстың көрігін қыздырып, дүбірлі думанды жүргізу – халық қалаулысы, айтыстың ақтангері Аманжол Әлтаевқа бұйырды. Өнер мен өлеңнің кіл мықтысы бас қосқан бұл думанға қазақ айтысының ақсакалы Жүрсін Ерманмен қатар Қойлыбай Асан, Серікзат Дүйсенғазы, Өміржан Көпбосын, Азат Бабаш сынды ақындар мен ғалымдар қазылық етті.

Бұл додаға еліміздің әр өңірінен іріктелген он мықты ақын қатысты. Атап айтқанда, Абай облысының намысын Рүстем Қайыртай қорғаса, Қарағанды облысынан Айтбай Жұмағұлов, Дидар Қами және Мұхтар Әділ бағын сынады. Жамбыл облысынан Алтынгүл Қасымбекова, Түркістаннан Бекарыс Шойбеков, Алматы облысынан Шырынбек Тұрсынұлы, Батыс Қазақстаннан Талғат Мықи, Шымкенттен Қалижан Білдаш, Астанадан Ер-



кебұлан Қайназар сынды азулы ақындар Абай қаласының төрінде бас қосты.

Сайыстың алғашқы кезеңінде олар жеребе арқылы бес жұпка бөлініп, өзара іріктеу кезеңінен өтті. Ақтық сыңға шыққан үш жұп айтыстың нағыз көрігін қыздырып, жырдан шашу шашты. Ұлт руханиятының кемеңгерін ұлықтаған бұл айтыста ақындардың қай-қайсысы да құралақан қайтқан жоқ.

Нәтижесінде бас бөйге – темір тұлпар автокөлікті жерлесіміз Айтбай Жұмағұлов тигізгенді. Абай облысының ақыны Рүстем Қайыртай бірінші орын мен 2 миллион теңгенің сертификатын иеленсе, екінші орынға түркістандық Бекарыс Шойбеков пен елордалық Еркебұлан Қайназар лайық деп танылып, әрқайсысына 1,5 миллион теңге қаржылай сыйлық табыс етілді. Үшінші орынды бөліскен шымкенттік Қалижан Білдаш пен қарағандылық Дидар Қамиға 1 миллион теңгеден берілді.

Сондай-ақ қалған төрт ақынға арнайы жүлделер табысталды. Шашубай Қошкарбайұлы атындағы жүлде – Алтынгүл Қасымбековаға, Тәттімбет Қазанғапұлы атындағы жүлде – Мұхтар Әділге, Доскей Әлімбайұлы атындағы арнайы марапат – Шырынбек Тұрсынұлына, ал, Қайып Айнабеков атындағы жүлде – Талғат Мықиға бұйырды. Бұл жүлдегерлердің әрқайсысы да 500 мың теңгені иеленді.

Сарыарқаның сақи даласын сән-салтанатқа бөлеген бұл айтыстың тағы бір тағылымды тұсы – дода соңындағы қазақы

сыйластықтың нышаны. Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов өз тарапынан Жүрсін Ерманға ат мінгізіп, иығына шапан жапты. Өз кезегінде белгілі абайлық азамат, айтыскер-ақын Жәнібек Жәнісбекұлы үш бірдей ақынға: Қалижан Білдаш, Дидар Қами және Аманжол Әлтаевқа ат мінгізді. Осы тұста тағы бір айта кетерлігі, Дидар Қами мінген атын Жүрсін Ерманға сыйлап, мәрттігін көрсетті.

Айтыстың бас жүлдегері Айтбай Жұмағұлов өз сөзінде халыққа деген шынайы алғысын білдірді.

– «Қаз тойғанына семірмейді, органына семіреді» деп дана халқымыз айтқандай, менен бетер қуанып, өздері бөйге алғандай есі шығып жүрген халықты көріп, төбем көкке жеткендей болды. Елдің баладай аңғал, сәбидей таза пейілін, көл-көсір көңілдерін көру менің мерейімді өсірді. Осы мәдени мерекені ұйымдастырған Абай қаласының әкімі Сәбит Темешұлы бастаған барлық азаматтарға алғасуыз алғысымды білдіремін, – деп Айтбай Ботпайұлы ағынан жарылды.

Айтыс – қазақтың бағзыдан келе жатқан ұлық өнері. Абай төрінде өткен жыр додасы елдің еңсесін көтеріп, мерейін өсіргені анық. Абай рухына арналған онкүндіктің осылайша жайдары сипатта бастау алуы – ақын рухына деген ізгі ілтипаттың, ұлттық өнерге деген құрметтің жарқын көрінісі.

Сурет ашық дереккөзден

• ФУТБОЛ

Үздіктер үштігінде тұрақтай алмады

Қазіргі таңда «Шахтердің» жағдайы мәз емес. Күні кеше үздік үштікте тұрған жерлестер соңғы кездесуде сүренсіз ойын көрсетті. Сырт алаңда павлодарлық «Ертіс» командасына қарсы қарымта кездесу өткізіп, 1:3 есебімен жеңіліп қалды. Осылайша олар бұл ойында ұпай еншілей алмай, турнир кестесінде үшінші сатыдан төртіншіге сырғыды. Ал, қоржында эзірге – 32 ұпай.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қос команда – турнирдің басты фавориттері. Екі клубтың да тарихы бай. Екеуі де биыл Премьер-лига жолдамасына үмітті. Екеуінің арасындағы бірінші кездесу 0:0 есебімен аяқталған болатын. Бұл жолы павлодарлықтар кателікке бой алдырмады. Дәп осы қарымта кездесуге сайланып келген сынайы. Олай дейтініміз, бас төреші допты ойынға қосқан бойда шабуылды үдетті. Сөйтіп, ойынның небәрі 7-ші минутында есеп ашты. Негізі, бұл қарсыластардың кезекті шабуылдарының бірі-тін. Шабуыл барысында қарсылас команда бұрыштама допка ие болды. Осы тұста жартылай қорғаушы Нұрғайни Бөрібаев бұрыштамадан допты ойынға қосқан. Бұрыштамадан әуелете көтерілген допка Еркебұлан Тұңғышбаев бірінші болып жетіп, бірден қақпаға бағыттады. Осылайша алаң иелері есеп ашып кетті.

42-ші минутта Нұрғайни Бөрібаев тағы бір керемет нәтижелі пас шығарып, командасын алға сүйреді. Бұл жолы ол қорғаушылардан айласын асырып, допты әуелете алдыңғы қатарда жүрген Темірлан Ағымановқа асырған. Ал, Темірлан келіп тұрған мүмкіндікті мүлт жібермей, есепті 0:2-ге жеткізді. Осылайша, бірінші тайм да тәмамдалды.

Екінші тайм басталысымен жерлестер сапынан алаңға тыннан қорғаушы Эльхан Саидов пен шабуылшы Артем Литов шыққан. Одан кейін араға 20 минут салып шабуылшы Арман Нүсіп ойынға қосылды. Тың ойыншылар командаға күш қосқандай, 75-ші минутта жерлестер шабуылға қайта шығып, соңын голмен түйіндеді. Негізі, шабуылды ұйымдастырған – Арман Нүсіп. Қарсылас қорғаушысын алдап өтіп, қақпаға алыстан соққы жасаған еді. Алайда оның соққысы қақпа бағанасына тиіп, кері қайтқан. Осы тұста кері қайтқан допка шабуылшы Диас Қалыбаев бірінші жетіп, есеп алшақтығын қысқартады. Бірақ, есепті теңестіруге мүмкіндік тұмады. Ойынның негізгі уақыты аяқталар тұста павлодарлықтар үшінші голын салып, айқын басымдықпен жеңіске жетті.

Қазақстан Бірінші лигасының XVI турының қорытындысы бойынша көш ба-

сында ақтаулық «Каспий» клубы тұр. Еншілерінде – 41 ұпай. Одан кейінгі сатыға 36 ұпаймен павлодарлықтар көтерілді. Ал, үздік үштікте 35 ұпаймен – өскемендік «Алтай». «Шахтер» болса, 32 ұпаймен төртінші сатыға сырғыды. Бірінші лиганың аяқталуына бар болғаны 10 ойын қалды. Жерлестердің ойын кестесіне көз жүгіртсек, Премьер-лига жолдамасына үміт бар секілді. Ең болмаса, турнирді үздік үштіктің қатарында аяқтауға мүмкіндік бар.

Дегенмен, қалған он қарсыластың бәрін жету – мүмкін емес. Бұдан кейін қарағандылықтар «Екібастұз» клубымен кездеседі. Бірінші ойында жерлестер бұл командамен тең тарқасқан еді. Қарымта кездесуде жеңуге әбден болады. Тағы бір үлкен сұрақ тудырып тұрған қарсыласы – «Алтай» мен жамбылдық «Тараз» клубы. Жерлестер қос командамен өткен бірінші ойында жеңіліп қалған-тын. Сондықтан, қос командамен болатын қарымта матчтың болжамын деп басып айту оңай болмай тұр...

Қысқасы, Премьер-лига жолдамасы – команда қолында.

Сурет клубтың баспасөз қызметінен



• МҮШӘЙРА

Жыр – жүректің лүпілі

Қарағандыдағы «Сарыжайлау» кинотеатрында қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...» атты облыстық ақындар мүшәйрасының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты жоғары деңгейде өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мүшәйраны облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалы бірлесе ұйымдастырды.

Бұл жолы да поэзия мерекесі Арқа ақындарының басын қосып, Абай мұрасын дәріптейтін рухани алаңға айналды.

Мүшәйраның әділ бағасын беретін қазылар алқасы құрамында Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Серік Ақсұңқарұлы мен Ғалым Жайлыбай, филология ғылымдарының докторы, профессор, белгілі ақын Қойлыбай Асан болды.

Жыр додасына бөйгесіне аймақтың түпкір-түпкірінен 25-ке жуық ақын қатысты. Қазылар алқасы қатысушылардың туындыларындағы көркемдік қуаты, мазмұн тереңдігін, Абай идеясының



жаңғыруын бағамдап, үздіктерді анықтады.

Сонымен, мүшәйраның бірінші орын жүлдесін қарағандылық ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Бағдат Мүбәрак жеңіп алды.

Ал, II орын биігінен теміртаулық ақын

Таңсәуле Әгенқызы иеленсе, III орын – Шет ауданынан келген Дәуренбек Буланбаев пен теміртаулық ақын Ерболат Қуатбекке бұйырды.

– Мүшәйраға «Сөз немесе Абайдың жұмбағы» деген өлеңімді ұсындым. Жалпы, бұл туындымда сөздің құдіреті, энер-

гиясы һәм киесі жайлы айтқым келді. Яғни, меніңше, Абай поэзия жолына қадам басқан әр ақын үшін белгілі бір деңгейде бағыт беруші компас сияқты. Жүлделі болғанымға қуаныштымын, – деп атап өтті үшінші орын иегері Ерболат Қуатбек. Сонымен қатар, мүшәйра аясында

есімі елге мәлім, өмірден ерте озған ақындар Дәулет Ырысбайұлы, Қайрат Аскаров, Сәттібай Жүнісов атындағы арнайы жүлделер тағайындалды.

Аталған сыйлыққа Саят Тұяқбай, Мақсат Күземхан және әріптесіміз Ерік Нарын ие болды.

Кеш барысында Абайдың ән мұрасы да жаңғырды. Сержан Мұсайын, Саян Мұздыбай, Аяжан Ақеева, Арайлым Жүкенова сынды өнер иелері Абай әндерін орындап, көрерменнің ықыласына бөленді.

Алаштың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Абай деген – терең теңіз, алып мұхит. Абайды таныған сайын, оның түбіне маржандарын алу үшін сұңғи беруің керек. Ал мен оның бетін ғана қалқыдым», – деген еді.

Бұл мүшәйра – сол маржандарды теруге ұмтылған ақындардың рухани сапары іспеттес. Абайды тану, оны дәріптеу – бүгінгі ұрпақтың адами биіктікке, рухани тұтастыққа бастар жол.

Мүшәйра соңында ұйымдастырушылар мен қазылар жеңімпаздарға алғыс білдіріп, Абай тағылымын насихаттауда мұндай шаралардың маңызы ерекше екенін атап өтті. Абайдың асыл сөзі – әдебиет пен ұлт санасының мәңгілік шамшырағы екенін тағы бір мәрте дәлелдегенін атап өткен жөн.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет			
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС			
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА	Бас редактордың м. а. Қ.А. АЙТЖАН Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru
		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBCZKX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 498 №84 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ